

Элективті пәндер каталогы

6B11 - Қызмет көрсету
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B112 - Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

1020
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B094 - Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B11201 - Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Касымов Аскар Бағдатович
БББ менеджері Кабышева Жанар Кобегеновна

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Инженерлік-технологиялық факультетінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
Хаттама №3 «15» 01. 2024ж.

Физика-химия ғылымдарының зерттеу мектебінің
Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Академиялық кеңесінде бекітуге ұсынылды
Хаттама №1 «06».06.2024ж.

БЕКІТІЛДІ

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 16 қаңтардағы No3 хаттама.

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 18 маусымдағы No 6 хаттама.

Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері мен құралдары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде келесідей сұрақтар қарастырылған: құралдар түрлері, өлшеу аспаптары, саймандардың, өлшеу құралдары сипаттамалары (жіктелуі, параметрлер мен қасиеттері, нормалары), өлшеу құралдарын сынау әдістері, тексеру түрлері, градуштау және ведомстволық сынау, өлшеу әдістерінің қағидалары, өлшенетін шамалардың өзгерісі, өлшеудің әртүрлі принциптеріне негізделген талдау әдістері; микроклимат; желдету жүйесі, шаң-газ тәртібі, шаң-газ ұстаушы жүйелер параметрлерін бақылауға арналған аспаптар.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттер ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қолданылатын өнімді жобалау, өндіру және пайдалануды метрологиялық қамтамасыз етумен өлшеу, сынау және бақылау процестерінің өзара байланысын түсінуді қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Өлшемдерді, қасиеттерді, нормалауды және жіктеуді қоса алғанда, өлшеу құралдарының сипаттамасын сипаттау.

2) Өлшеу құралдарын, тексеру схемаларын, градуирленген және ведомстволық сынақтарды, өлшеу әдістері мен қағидаттарын пайдалану.

3) Зерттелетін параметрлерді талдау әдістері мен бақылау құралдарын көрсету.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Өндірістік тәжірибесі I

Тіршілік қауіпсіздігіндегі ғылыми зерттеу әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тіршілік қауіпсіздігіндегі ғылыми зерттеулер және жобалаумен байланысы. Келесі сұрақтар қарастырылады: студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары; өнертабыстық, патенттік лицензиялық жұмыс және шығармашылық ізденіс құрылымы мен әдістемесі, патенттік заңнама негіздері, өнертабысқа өтінім жасап, жариялау; шығармашылық және ғылымды танып білудің негізгі әдістемесі; қағидалық тәсілдер және эксперименттік зерттеулер; ғылыми зерттеу жұмысының кезеңі және ғылыми зерттеуді таңдаудағы бағыттар.

Пәнді оқыту мақсаты

Өз білімдерін үздіксіз тереңдете және толықтыра алатын, пікірлерін, теориялық және кәсіби деңгейін көтеретін, ғылыми техникалық прогресті жетілдіруге ашық қатысатын, шығармашылыққа белсенді және өзін-өзі басқаруды үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Ғылыми-зерттеу, өнертапқыштық және патенттік-лицензиялық жұмысты меңгеру және өнертабысқа жарияланымдар мен өтінімдер жасау.

2) Шығармашылық ізденістің құрылымы мен әдіснамасын, патенттік заңнаманың негізін сипаттау.

3) Ғылыми-зерттеу жұмысын таңдаудың негізгі кезеңдері мен бағыттарын көрсету.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Өндірістік тәжірибесі I

Ноксология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қауіптердің эволюциясын, «Ноксология» ғылымының пайда болу принциптерін зерттеуге бағытталған. Терминдердің, заңдардың және ноксология аксиомаларының негізгі анықтамалары. Жайлылық пен қауіптің өлшемдері мен көрсеткіштері. Тәуекел ұғымын, қолайлы тәуекел тұжырымдамасын зерттейді. Құрамында жанғыш және жарылғыш, уытты заттар, иондаушы сәулелену көздері, сондай-ақ техногендік тұрақты жергілікті әрекет ететін қауіптер бар нысанның мекендеу ортасындағы қауіптілігін жіктеу және бағалау. Химиялық және биологиялық қару.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларды қауіптер туралы ғылымның теориясымен және практикасымен таныстыру, қауіптердің шығу тегі мен жиынтық әрекетін, оларды азайту принциптерін және олардан қорғану негіздерін зерделеу

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Қауіптер әлемінің теориялық негіздері туралы білімдерін көрсету.

2) Төтенше жағдай кезінде қорғау тәсілдерін жүйелеп, адамның қоршаған ортамен қауіпсіз өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру.

3) Төтенше жағдайдың ықтимал дамуын болжау, қауіпті және зиянды факторлар әсерінің жағымсыз салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру.

Пререквизиттер

Кәсіпке кіріспе

Постреквизиттер

Техносферадағы жағымсыз факторлардан қорғау құралдары Техникалық жүйелердің сенімділігі және тәуекелді басқару Төтенше жағдайдағы құтқару қызметін ұйымдастыру және басқару

Қоршаған ортаны қорғаудағы нормативті стандарттар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қоршаған орта сапасының стандарттарына бағытталған. Келесі сұрақтар қарастырылады: атмосфера сапасын нормалау; жұмыс аймағындағы гигиеналық нормалау; топырақ сапасы, су қоймаларының стандарттары; топырақ және оның әртүрлілік сапасын нормалау; биота сапасы мен жағдайын нормалау; экологиялық нормалау интегралының келу жолы; тамақ өнімінің сапасын нормалау; қоршаған ортаның физикалық жай-күйі нормативтері; санитарлық және қорғау аймақтары, рұқсат етілген шығарындылар, төгінділер, қалдықтар түзілуінің нормативтері.

Пәнді оқыту мақсаты

Экологиялық нормалаудың теориялық және әдістемелік негіздері туралы, экологиялық нормативтік базаны дамытудың қазіргі тенденциялары және оны қоршаған ортаны қорғау объектілері үшін экологиялық стандарттарды әзірлеу үшін қолдану туралы түсінік қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Қолданыстағы стандарттар негізінде қоршаған орта сапасын нормалау мәселелерін модельдеу.

2) Экологиялық нормалаудың интегралдық жолын түсіну.

3) Қоршаған ортаның физикалық жағдайының, шығарындылар мен төгінділердің, қалдықтардың пайда болуының нормативтерін түсіндіру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Өндірістік тәжірибесі I

Биохимия негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән макромолекулалардың (дәрумендер, ферменттер, гормондар) қасиеттері мен қызметтерін, олардың биологиялық рөлін, жіктелуін, әсер ету механизмін зерттеуге бағытталған. Курс мыналарды қарастырады: ағзадағы зат алмасу және энергия; жасуша метаболизмінің интеграциясы; белоктардың, көмірсулардың, липидтердің, ферменттердің, витаминдердің, гормондардың өзгеруінің биохимиялық жолдары; ассимиляция және диссимиляция; анаболизм және катаболизм; организмдегі зат алмасу кезеңдері; белоктардың, нуклеин қышқылдарының, көмірсулардың және липидтердің алмасуы арасындағы байланыс.

Пәнді оқыту мақсаты

Әр түрлі жағдайларда жануарлар денесінің жасушалары мен тіндерінде болатын молекулалық биохимиялық процестерді зерттеу. Дене белсенділігі кезінде адам ағзасында болатын өмірлік процестер мен биохимиялық процестердің химиялық негіздерін білу.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Макромолекулалардың негізгі қасиеттері мен функциялары туралы білімдерін көрсету.

2) Дәрумендердің, ферменттердің, гормондардың биологиялық рөлі мен әсер ету механизмін түсіндіру.

3) Ағзадағы зат алмасу және энергия кезеңдерін, сондай-ақ ақуыздардың, көмірсулардың, липидтердің, ферменттердің, дәрумендердің, гормондардың биохимиялық айналу жолдарын сипаттау

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Өндірістің өрт-жарылыс қауіптілігін сараптау Өнеркәсіптің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету Азаматтық өнеркәсіп нысандарын өрт-жарылыстан қорғау

Қауіптерден қорғау негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән нысанның қауіпсіздігі, қауіпті аймақтар және техносфералық қауіпсіздікке қол жеткізу негіздеріне бағытталған. Оқу барысында келесі сұрақтар қарастырылады: ұжымдық қорғану құралдары мен құрылғылары; урбанизацияланған аумақтарды, табиғи аймақтарды техносфераның әсерінен қорғау; жерді, топырақты ластанудан қорғау; энергия ағындарынан, радиоактивті қалдықтардан қорғау; төтенше техногендік жағдайлардан, қауіптерден қорғау; өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы; қауіптерді азайту жолдары; техносферадағы қауіп-қатерден адамды қорғау техникасы мен тактикасы.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнінің мақсаты студенттерді адамның қоршаған ортамен (өндірістік, тұрмыстық, қалалық) қауіпсіз өзара әрекеттесу негіздерімен және қауіпті және өте қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Адам өмірі үшін табиғи және техногендік қауіптерді анықтау.

2) Өндірістік персоналды және халықты авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың ықтимал салдарларынан қорғау әдістерін қолдану.

3) Төтенше жағдайлардың қолайсыз әсерінен қорғаныс құралдарын қолдану.

Пререквизиттер

Кәсіпке кіріспе

Постреквизиттер

Техносферадағы жағымсыз факторлардан қорғау құралдары Техникалық жүйелердің сенімділігі және тәуекелді басқару Төтенше жағдайдағы құтқару қызметін ұйымдастыру және басқару

Өрт қауіпсіздігі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән өрт қауіпсіздігінің заңнамалық, құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелерін, өндірістік және азаматтық объектілерді, қоршаған ортаны өрттен қорғаудың мемлекеттік жүйесін оқуға бағытталған. Курс мыналарды қарастырады: жану және жарылыс қауіптілігін сипаттайтын заттардың қасиеттері; өрттердің себептері; олардың пайда болу және таралу ерекшеліктерін; сөндіру тәсілдері мен тәсілдері; найзағайдан қорғау; автоматты өрт сөндіру және сигнализация жүйелері; ғимараттардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.

Пәнді оқыту мақсаты

Жалын көзі немесе тотықтырғыш аумағындағы әртүрлі қатынасындағы жарылыс пен жанудың пайда болуы қауіпін болжай білу, газ және газ қоспаларының өртке қауіптілігін анықтай білу, Төтенше жағдай кезіндегі жарылыс параметрлерін және өрт кезіндегі өнімдердің жану құрамын болжай білу.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Өрт қауіпсіздігінің заңнамалық-құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері, Өнеркәсіптік және азаматтық объектілерді өрттен қорғаудың мемлекеттік жүйесі туралы білімдерін көрсету.

2) Өрттердің пайда болу себептерін, олардың пайда болу және таралу ерекшеліктерін талдау.

3) Іс жүзінде өрт сөндіру тәсілдері мен құралдарын қолдана отырып, объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Өндірістің өрт-жарылыс қауіптілігін сараптау Өнеркәсіптің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету Азаматтық өнеркәсіп нысандарын өрт-жарылыстан қорғау

Қазіргі заманғы әлемдік қауіптер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән оқу кезінде қауіптердің эволюциясы, зиянды заттар, діріл, акустикалық шу, инфрадыбыс, ультрадыбыстық, лазерлік, иондаушы сәулелену сұрақтары зерттеледі. Курсты оқу барысында мына сұрақтар қарастырылады: аймақтық, жаһандық қауіптер; атмосфералық шығарындылар, фотохимиялық түтін, қышқылдық жауын-шашын, парниктік эффект; озон қабатының бұзылуы; гидросфераға, литосфераға әсер ету; электр тоғы; механикалық жарақат; жоғары қысымды жүйелер; көлік, радиациялық, химиялық апаттар; қауіптерді бағалау, реттеу; техносфера қауіпсіздігіне жету бағытының негіздері.

Пәнді оқыту мақсаты

Қауіп-қатер әлемінің теориялық негіздерін және қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптерін зерделеу, өмірде және одан әрі кәсіби қызметте осы білімді енгізуге дайын болу

Оқыту нәтижелері

ON3 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби-бағытталған қызметті жүзеге асыру.

ON4 Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, әлемдік ғылымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімін іс жүзінде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Акустикалық шу мен дірілдің, лазер мен иондаушы сәулеленудің қауіпті эволюциясын, зиянды әсерін түсіндіру.

2) Қазіргі заманғы қауіп-қатерлердің өңірлік және жаһандық қатерлерін меңгеру.

3) Техносфераның қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін қауіп-қатердің көрінісін бағалау.

Пререквизиттер

Кәсіпке кіріспе

Постреквизиттер

Техносферадағы жағымсыз факторлардан қорғау құралдары Техникалық жүйелердің сенімділігі және тәуекелді басқару Төтенше жағдайдағы құтқару қызметін ұйымдастыру және басқару

Жану және жарылыс теориясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мыналарды қамтиды: жану және жарылыс процестерінің физикалық және химиялық негіздері; жану түрлері; жану өнімдерінің құрамы; жану кезінде ауа шығыны; тізбекті реакциялар; жану өнімдері; түтін мен жалын; өрт және жарылыс қауіпі туралы түсінік; жарылыстардың және жарылғыш заттардың түрлері; детонация теориясының негізгі ережелерін; жарылғыш соққы толқыны; ғимараттар мен адамдарға жарылыстың әсері; бөлмедегі жарылыс кезіндегі артық қысымды есептеу.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің адам әрекетімен бірге жүретін жану және жарылыс процестерінің заңдылықтары туралы білімдерін қалыптастыру; адам мен мүлікті өрттен қорғау жағдайына байланысты өрттердегі жанудың пайда болуының, таралуының және тоқтатылуының физикалық-химиялық заңдылықтарын зерттеу,

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Жану, жарылыс және детонация процестерінің физикалық негіздерін, олардың пайда болу және жүру ерекшеліктерін түсіндіру.

2) Газ және шаң-ауа қоспаларының жану және жарылу ерекшеліктерін, заттардың өздігінен жануының физикалық негіздерін сипаттау.

3) Жанғыш тотықтырғыш пен тұтану көзі кеңістігінде әртүрлі комбинацияларда өрттің немесе жарылыстың қауіптілігін болжау.

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Өндірістің өрт-жарылыс қауіптілігін сараптау Өнеркәсіптің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету Азаматтық өнеркәсіп нысандарын өрт-жарылыстан қорғау

Апаттық құтқару ісі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән апаттық-құтқару ісін жүргізудің ұйымдастыру негіздеріне бағытталады. Курс келесі сұрақтар қарастырылады: зардап шеккендерді іздестіру; құтқару жұмыстарының учаскесін тексеру; ғимараттар құрылымдарын бекіту, құлату; қираған ғимараттар, үйінділеріндегі өрттерді сөндіру; табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі құтқару жұмыстары, өндірістік апаттарды жою кезіндегі құтқару жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері; құтқарушылар мен зардап шегушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары; апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар мен күштерді қолдану

тәртібі.

Пәнді оқыту мақсаты

Адамдарды құтқару және зардап шеккендерге көмек көрсету, төтенше жағдай салдарын жою және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасау мақсатында жүргізілетін төтенше жағдайлар аймақтарында құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге қабілетті, авариялық-құтқару ісі саласындағы ғылыми, жобалау және инженерлік қызмет үшін жоғары кәсіптік даярлығы бар мамандарды даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және төтенше жағдайдағы құтқару қызметін басқару процесінде кәсіби қызметтің әлеуметтік маңыздылығын түсіну.

2) Төтенше жағдайларда сауатты ұйымдастыру-басқару шешімдерін қабылдау.

3) Авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданудан болатын ықтимал салдарларын болжау.

Пререквизиттер

Ноксология Қазіргі заманғы әлемдік қауіптер Қауіптерден қорғау негіздері

Постреквизиттер

Құтқару техникасы және базалық машиналар Материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз ету Төтенше жағдайдағы қорғаудың әдістері мен құралдары

Асатығыз жағдайлардағы құрылыстар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән сейсмикалық аудандарда, ерекше ауа-райы жағдайларында, су басу аудандарында, жоғары технологиялық және төмен температуралардың жүйелі әсер ету жағдайларында, агрессивті ортада, құрылымдық тұрақсыз топырақ жағдайларында пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстарды зерттеуге бағытталған. Төтенше жағдайларда қауіпті аумақта тұрған ғимараттар мен құрылыстардың тіреу және қоршау конструкцияларының жай-күйін бағалау, ТЖ салдарын жою кезінде құрылыс конструкциялары жұмысының ерекшеліктерін есепке алу.

Пәнді оқыту мақсаты

Құрылыстың әртүрлі жағдайларын ескере отырып, тиімді құрылыс материалдары мен технологияларына негізделген ғимараттар мен құрылыстардың әртүрлі типтерін салудың индустриялық әдістерін зерделеу негізінде нормативтік сапа деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша кәсіби білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Асатығыз жағдайларда ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану туралы білімдерін көрсету.

2) Төтенше жағдайлар кезінде ғимараттардың тіреу және қоршау конструкцияларының жай-күйін бағалау.

3) ТЖ салдарын жою кезінде құрылыс конструкцияларының ерекшеліктерін ескеру.

Пререквизиттер

Ноксология Қазіргі заманғы әлемдік қауіптер Қауіптерден қорғау негіздері

Постреквизиттер

Құтқару техникасы және базалық машиналар Материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз ету Төтенше жағдайдағы қорғаудың әдістері мен құралдары

Құрылыс конструкциялары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында қарастырылатын сұрақтар: қазіргі заманғы құрылыс конструкциялары, оларды қолдану салалары; жүктемелер мен әсерлер; құрылыс конструкцияларының түрлері - болат, ағаш, темірбетон, тас, оларды қолдану салалары; темірбетон туралы түсінік; темірбетонның артықшылықтары мен кемшіліктері; темірбетон конструкцияларының жарыққа төзімділігі туралы түсінік; темірбетон конструкция түрлері, темірбетон конструкция элементін жобалау принципі, тасты құрылымдар, тасты конструкциялар бойынша материалдар; армокамен құрылымдары; қатты құрылымды схемалы ғимараттар.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің тірек және қоршау конструкцияларын қалыптастыру, есептеу және құрастыру, олардың мақсаты мен пайдалану мақсаттарына сүйене отырып, сенімділіктің, үнемділіктің, тиімділіктің талап етілетін көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ететін материалдарды, қима нысанын, құрастырудың есептік схемасын дұрыс таңдай білу; жаңадан салынатын немесе күшейтілетін қарапайым ғимараттар мен құрылыстар үшін шешімдерді әзірлеу іскерлігі; ғимараттар мен құрылыстар

конструкцияларының элементтерін алдын ала жасалған жай-күйлер бойынша есептеу

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Құрылыс конструкцияларына арналған материалдарды қолданудың заманауи тәсілдерін түсіндіру.
- 2) Құрылыс құрылымдарының түрлерін жіктеу, олардың қасиеттері мен қолданылуын сипаттау.
- 3) Темірбетон және тас конструкциялардан жасалған ғимараттарды жобалау принциптерін меңгеру, ғимараттың құрылымдық схемасын әзірлеу.

Пререквизиттер

Ноксология Қазіргі заманғы әлемдік қауіптер Қауіптерден қорғау негіздері

Постреквизиттер

Құтқару техникасы және базалық машиналар Материалдық-техникалық және тылдық қамтамасыз ету Төтенше жағдайдағы қорғаудың әдістері мен құралдары

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта пайдалану және кәдеге жарату технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қалдықтармен жұмыс істеудің әдістеріне бағытталған. Келесі сұрақтар қарастырылады: қатты тұрмыс қалдықтарын қайта өңдеп кәдеге жарату; өнеркәсіптік қалдықтың қайта өңдеу технологиялық үрдісі; көму, өртеу; шыны ыдыстың, қағаздың, пластик қаптаманың, шлактардың, күлдің, мұнай өнімдері қалдығын кәдеге жарату; ауылшаруашылығы қалдығын кәдеге жарату; авторециклингпен рециклинг, микроб арқылы өңдеу; ыдыс, қаптамаларды кәдеге жарату; полимерлі материалдардан жасалған ыдыстарды қайта пайдалану.

Пәнді оқыту мақсаты

Қалдықтардың пайда болу тетіктерін түсіну, қалдықтармен жұмыс істеу тұжырымдамасын, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу процестерін зерделеу.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қалдықтармен жұмыс істеудің, оларды қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың негізгі әдістерін сипаттау.
- 2) Өнеркәсіптік қалдықтардың морфологиялық құрамын ескере отырып, оларды қайта өңдеудің технологиялық процесін модельдеу.
- 3) Авторециклингтің мақсатын және ауыл шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату процесін түсіндіру.

Пререквизиттер

Тіршілік қауіпсіздігіндегі ғылыми зерттеу әдістері Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері мен құралдары Қоршаған ортаны қорғаудағы нормативті стандарттар

Постреквизиттер

Инженерлік экологиядағы маркетинг және менеджмент негіздері Қоршаған ортаны қорғаудағы инновациялық технологиялар Инженерлік экология

Өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату, залалсыздандыру және көму

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қалдықтардың жалпы сипаттамасы, олардың құрылымы мен жіктелуіне, қалдықтардың пайда болу себептеріне бағытталған. Келесі сұрақтар қарастырылады: өнеркәсіптік, уытты, тұрмыстық, радиоактивті қалдықтар; Қазақстанда қалдықтарды орналастыру; қалдықтардың қоршаған ортаға әсері; өндіріс және тұтыну қалдықтарымен проблемаларды шешу жолдары; «Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы» ҚР Заңы; қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы халықаралық конвенциялар мен келісімдердің талаптары.

Пәнді оқыту мақсаты

Ауылшаруашылығы және өнеркәсіп қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта өңдеудің қазіргі кездегі және келешектегі негізгі тәсілдерін қарастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қалдықтардың сипаттамасын, олардың құрылымын, жіктелуін және пайда болу себептерін көрсете білу.
- 2) Қазақстанда қалдықтардың орналастырылуын, олардың қоршаған ортаға әсерін талдау және өндіріс және тұтыну

қалдықтарымен проблемаларды шешу жолдарын әзірлеу.

3) "Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы" ҚР Заңының негізгі ережелерін, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау туралы халықаралық конвенциялардың талаптарын меңгеру.

Пререквизиттер

Тіршілік қауіпсіздігіндегі ғылыми зерттеу әдістері Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері мен құралдары Қоршаған ортаны қорғаудағы нормативті стандарттар

Постреквизиттер

Инженерлік экологиядағы маркетинг және менеджмент негіздері Қоршаған ортаны қорғаудағы инновациялық технологиялар
Инженерлік экология

Тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу кезінде адам қызметінің нәтижесіндегі қалдықтардың пайда болуы қарастырылады. Келесі сұрақтар қамтылған: тарихи перспективада қалдықтарды жою процестері; қалдықтарды жіктеу және оларды жою процесінің негізгі тәсілдері; қалдықтарды полигондық көму; көму кәдеге жарату әдісі, артықшылықтары мен кемшіліктері; сүзінді суды жинау және залалсыздандыру; биогазды өндіру және кәдеге жарату; қала жағдайында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен жоюды ұйымдастыру; қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу.

Пәнді оқыту мақсаты

Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта өңдеудің қазіргі кездегі және келешектегі негізгі тәсілдерін қарастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қалдықтардың пайда болуы, олардың жіктелуі және кәдеге жаратудың ықтимал бағыттары туралы білімдерін көрсету.
- 2) Қалдықтарды полигонды жинау, залалсыздандыру және көму технологиялық қамтамасыз ету тәсілдерін меңгеру.
- 3) Қала жағдайында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен жоюды ұйымдастыру мен қайта өңдеуді әзірлеу.

Пререквизиттер

Тіршілік қауіпсіздігіндегі ғылыми зерттеу әдістері Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері мен құралдары Қоршаған ортаны қорғаудағы нормативті стандарттар

Постреквизиттер

Инженерлік экологиядағы маркетинг және менеджмент негіздері Қоршаған ортаны қорғаудағы инновациялық технологиялар
Инженерлік экология

Қоршаған ортаның сапасын мемлекеттік реттеу

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қоршаған ортаның сапасын мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен әдістеріне бағытталған. Келесі сұрақтар қарастырылады: экологиялық нормалау түсінігі және экономикалық нормалаудың теориялық негіздері; санитарлық-гигиеналық және экожүйелік нормалау; сапа нормативтерінің түрлері: санитарлық-гигиеналық және экологиялық, атмосфералық ауаның сапасын бақылау; қоршаған ортаның сапа стандарттарын экологиялық-нормативтік бақылау; экологиялық нормалаудың геохимиялық аспектісі; қоршаған орта сапасын экономикалық нормалаудағы антропоэкологиялық аспектісі.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерді экологиялық қызмет түрлерімен, нормалар мен қағидалар жүйесімен, нормативтік құжаттамалармен, жобалау, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік бойынша, сондай-ақ экологиялық сараптамамен және аудитпен таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ON10 Төтенше жағдайлардың, авариялар мен апаттардың ықтимал салдарларынан өндірістік процестерді жүргізу негіздерін практикада қолдану.

ON11 Отандық және шетелдік тәжірибенің ғылымы мен практикасының жетістіктеріне негізделген тіршілік қауіпсіздігінің қазіргі жай-күйі проблемалары бойынша талдау, бағалау және шешімдер қабылдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Экономикалық және экологиялық нормалаудың теориялық негізін меңгеру.
- 2) Санитариялық-гигиеналық және экожүйелік нормалау сапасының нормативтерін практикада қолдану.
- 3) Қоршаған орта сапасы стандарттарының орындалуын экологиялық-нормативтік бақылауды көрсету.

Пререквизиттер

Қоршаған ортаның ластануы

Постреквизиттер

ҚР экологиялық қауіпсіздігі Қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі Қазақстан экологиясы

Инженерлік экология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән адамның табиғи жүйемен байланысын, табиғи жүйе ресурстарының жағдайы мен оларды пайдалануды, қазіргі заманның маңызды экологиялық мәселелерін зерттеуге бағытталған. Курс мыналарды қамтиды: өнеркәсіп, қоршаған орта; атмосфера, гидросфераның ластануы; қоршаған орта сапасын реттеу; шекті рұқсат етілген шығарындылар, шекті рұқсат етілген ағындар нормативтерінің жобалары; өнеркәсіптік шығарындыларды тазарту әдістерін, биологиялық қорғаныс құралдарын; су нысандарын қорғаудың, өндіріс қалдықтарын залалсыздандырудың, кәдеге жаратудың әдістері, техникалық құралдары.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерді адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі кезеңдерімен; қоршаған ортаны өнеркәсіптік ластану көздерімен, өнеркәсіптік ластанудың тірі организмдерге әсерімен таныстыру; материалдық игіліктер өндірісі, табиғи жүйенің даму заңдылықтары мен қоршаған орта ресурстарымен және оларды пайдалану ерекшеліктерімен арасындағы қайшылықтарды көрсету; қоршаған ортаны қорғау, экологиялық дүниетаным және экологиялық қауіпсіздік саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қарастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Өнеркәсіптік өндірістердің жұмыс істеуін және олардың биосфераның әртүрлі компоненттеріне әсерін түсіндіру, технологиялық процестерді экологияландыруды жүргізу.

2) Ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларын, төгінділерін талдау және экологиялық-экономикалық залалды есептеу.

3) Өнеркәсіптік ластанулардың жиынтық әсерін бағалау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау.

Пререквизиттер

Қоршаған ортаның ластануы

Постреквизиттер

ҚР экологиялық қауіпсіздігі Қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі Қазақстан экологиясы

Қоршаған ортаны қорғаудағы инновациялық технологиялар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мыналарды қарастырады: инновация және инновация түсінігі; информатика қоршаған ортаны қорғаудағы инновация ретінде; қолжетімді ақпараттық технологиялар және олардың ерекшеліктері. Пән оқуға бағытталған қоршаған ортаны қорғауды басқару, қоршаған ортаны басқару жүйесіндегі ақпарат ағындары, олардың жіктелуі, ақпараттық технологияның даму тенденциялары, электронды мәліметтер жинау жүйесінің түрлері, қоршаған ортаның жай-күйінің кешенді көрсеткіштерінің құру жүйесі

Пәнді оқыту мақсаты

Экологиялық қызметті жақсарту технологиялары мен құралдары ретінде эко-инновацияларды енгізу және ілгерілету туралы қазіргі заманғы түсініктерді қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Инновациялық қызмет ұғымын, қоршаған ортаны қорғаудағы ақпараттық технологиялардың маңызы мен ерекшеліктерін, олардың даму тенденцияларын түсіндіру

2) Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі ақпараттық ағындарды жіктеу және талдау.

3) Қоршаған орта жағдайының кешенді көрсеткіштерінің жүйесін құру үшін деректерді электрондық жинау жүйесін ұйымдастыру.

Пререквизиттер

Қоршаған ортаның ластануы

Постреквизиттер

ҚР экологиялық қауіпсіздігі Қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі Қазақстан экологиясы

Техникалық жүйелердің сенімділігі және тәуекелді басқару

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән техникалық жүйелер мен құрылыс конструкцияларының сенімділік критерийлері, тәуекел теориясының негіздерін

зерттейді. Курста келесі сұрақтар қарастырылады: тәуекел қаупін төмендетудің нормативтік мәні; техникалық жүйелердің жарақат алу қаупін төмендету құралдары; техникалық жүйелер сенімділігінің ережелері; зақымданудың, істен шығудың физикалық себептері; қалпына келтірілетін нысандардың сенімділігі; техногендік қауіпті талдау; техникалық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәуекелді реттеу; жобалау және пайдалану сатысында техногендік қауіпті талдау.

Пәнді оқыту мақсаты

Техникалық жүйелердің сенімділігі мен техносферадағы өмір қауіпсіздігінің бұзылу қаупі туралы білім жүйесін қалыптастыру - техногендік немесе табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар құбылыстарының (салдарының) алдын алу (немесе әрекет ету) бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік себептер: жол-көлік оқиғалары, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы (химиялық және физикалық, атап айтқанда, иондаушы әсерлерді қосқанда), өрттер, террористік актілер және т.б., өрт қауіпсіздігі саласындағы маман дайындау.

Оқыту нәтижелері

ON5 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар мен өнеркәсіптік ластанулардың әсерін болдырмайтын өнеркәсіптік-қауіпсіз әдістер мен құралдарды практикада қолдану.

ON6 Қауіпсіздік талаптарына зерттелетін нысандардың қызметін талдау және сараптау үшін техникалық ғылымдар саласында базалық білімді және практикалық дайындықты меңгеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ТЖ жағдайында жұмыстарды талдау, бағалау, шешім қабылдау және жоспарлау.
- 2) ТЖ қауіптілік деңгейін анықтауға бағытталған шаралардың орындалуын ұйымдастыру, қауіпті аймақтардың шекараларын белгілеу, күштер мен құралдарды есептеу.
- 3) Зардап шеккен халықтың өмір сүруінің бірінші кезектегі жағдайларын қамтамасыз ете отырып, төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық салдарларын болжау.

Пререквизиттер

